


Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының төрағасы
Ж.Қ.Асановқа

010000

Нұрсұлтан қаласы, Д.Қонаев
көшесі 39 үй
ҚР Жоғарғы Соты

Хат жолдаушы Ибрахимов Маман Ибрахимұлынан

Қарағанды қаласы, Магнитогорская
көшесі 47 үй 41 пәтер тұрғыны



Ризашылық - Алғыс хат.

Бұл хатты мен Қарағанды облысының Ақтоғай және Шет аудандарының ақсақалдарының өтінішімен жазып отырмын. Республика соттарында заңды терең білумен қатар, қарапайым адамдардың хал-жағдайын терең түсінетін және қазақша шешен сөйлейтін, аса күрделі дауларды да екі тарапты риза етіп шеше алатын судьялар бар екеніне көзіміз жетті. Оған өзім жауапкер Сапарғалиев Айдарханның өкілі болып қатысқан мына азаматтық іс себеп болды.

Бір-бірінің әйелдері туыс болып келетін Айдархан Сапарғалиевтың баласы банкіден қарыз болып, үй-жайынан айырылмас үшін Сералиев Тұрғынбектен 2015 жылы 3500000 тенгені қолхат арқылы 2016 жылдың мамыр айында қайтаратын болып қарыз алған. Алайда қарызын денсаулығына байланысты уақтылы қайтара алмаған, бірақ жыл сайын жылқы мен қара мал соғымға деп беріп отырған, ол жайлы

Т.Сералиевтен қолхат алмаған, жалпы шамасы 2000000 тенгенің малын берген.

Т.Сералиев қарызды толық 3500000 түрде қайтар, берген малдарын мүлдем есептемей адамдарды салып, үлкен айқай шығарған. Оның және інілерінің талабынан мезі болған Айдархан Сапарғалиев Ақтоғай ауданынан Шет ауданына інісінің қолына көшіп кеткен. Бұл дау құдалар мен әйелдер арасында ірткі салған, арада осы дауды шешуге ауыл ақсақалдары да араласқан бірақ нәтиже болмаған. Т.Сералиев Ақтоғай аудандық сотына талап арыз беріп,оның пайдасына А.Сапарғалиевтан 3500000 тенге өндірген. Қарыз орнына ішінара берілген малды бірінші саты соты есепке алмаған,ол жайлы құжаттар жоқтығын және талап қоюшының қарыз ішінара қайтарылғанын мойындамағанын көрсеткен.

Әрине біз бұл шешіммен келіспей апелляциялық шағым жаздық, себебі өзі ауру А.Сапарғалиевтың әйелі мен баласы қатты уайымға түсіп қалған болатын.

Біздің бағымызға ісіміз Қарағанды облыстық сотының бітімгер судьясы Тотай Мамытұлы Ерімбетовке түсіпті. Алқа жиынында ол кісі бұл дауды бітіммен шешуге болатынын түсіндірді. Біз және талап қоюшы жақ оған келісіп, судьяның шақыртуымен 17 қыркүйек 2019 жылы облыстық соттағы медиация кабинетіне келдік. Судья Т.Ерімбетовтің әрқайсымыздың жағдайымызды сұрап, адамдармен өте жылы сөйлесті, олардың шыққан тектері мен руларынан шыққан атақты адамдарына дейін терең білетінін білдірді. Ол кісі бірінші дау туралы емес,әр дауласушы адамдардың хал- жағдайы мен отбасы жайлы біліп шықты. Сосын тараптармен жеке сөйлесуге барлығымыздан рұқсат сұрап, талап қоюшы Т.Сералиевпен,одан соң жауапкер А.Сапарғалиевпен даулы іс туралы сөйлесті. Бізді қайта

жинап, ортақ бітімге келгенімізге рахмет айтты, сол жерде Т.Сералиев 2 млн теңге шамасында қарызды малдай жауапкердің өтегенін мойындап, 500 мыңын кешіретінін айтты.

Мен ерекше таң қалдым, себебі талап қоюшы ауыл үлкендері де мен де талай алдына барғанда қарыздың ішінара қайтқанын мойындамаған еді.

Менің жазуыммен бітімгер - судья Т.Ерімбетовтің қатысуымен тараптар арасында бітімгершілік келісім жасалды. Ол бойынша қалған қарыз 1 млн теңге деп келісіп, оның 500 мыңын 31 желтоқсанға дейін қалған 500 мыңын 1 сәуір 2020 жылға дейін төлейтін болды. Екі жақты татуластырды. 24 қыркүйек 2019 жылы сот алқасы медиативтік келісімімізді бекітті.

Кейін талап қоюшы Т.Сералиевтен «қалайша бізге мойындамаған 2 млн теңгені бітімгер судьяның алдында мойындадың?», - десем, Т.Сералиев: « ол судьяның ерекше қасиеті бар секілді және менімен жақсы сөйлесті, мен жайлы бәрін білетініне таң қалдым, сосын өтірік айта алмай, мойындап қойдым», - деді.

Мен өкілі болған А.Сапарғалиев қатты қуанып, отбасында туыстарды жинап ас берді, бұрын ұрсып жүрген тараптардың әйелдері де татуласып, келісімді орындауға кірісті. Бұл даудан хабары бар ауыл ақсақалдары ұзаққа созылған даудың қалай шешілгенін бізден естіп, бітімге келтірген судьяның басшылығына хат жазуды қатты өтінді.

Менің байқағаным, Қарағанды облыстық сотының судьясы Тотай Ерімбетов тараптардың ауыр эмоциялық хал-жағдайын ескере отырып, жағымды мінезімен және көпті көрген - өмірлік тәжірибесінің молдығымен, адамдарды өзіне тарта білуімен, қазақ халқының салт-дәстүрі мен шежіресін терең білуінің арқасында дауды бітімгершілік келісіммен аяқтады. Осы судьяға екі аудан халқы мен тараптардың туыстары дән риза.

Соттардың сайтынан Т.Ерімбетовке «Үш би» құрметті атағы берілгенін,оның көптеген аса күрделі істерді де бітімге келтіргенін адвокаттардан да естіп - марапат иесін тапқан екен деп ойладым.

Құрметті Төраға ! Ақсақалдар атынан Жоғарғы Сот тарапынан да судья беделін халық арасында ерекше көтеріп жүрген -Тотай Мамытұлы Ерімбетовті алдағы мерекелер қарсаңында арнайы марапаттауыңызды сұраймыз!

Қосымша : бітімді бекіткен алқа ұйғарымы

Ақтоғай және Шет аудандарының ақсақалдарының өтінішімен,

хат жазушы



Ибрахимов М.И.

7.10.2019.